

"Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 1209 қаулысы

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 32-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар салада қызметін жүзеге асыратын кейбір ашық акционерлік қоғамдардың салық берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Петропавл ауыр машина жасау зауыты", "С.М.Киров атындағы Петропавл зауыты өндірістік бірлестігі", "Омега" және "Семей машина жасау зауыты" ашық акционерлік қоғамдарының (бұдан әрі - Қоғамдар) иелігіндегі жарияланған шектеулі акцияларды мемлекеттің меншігіне оларды мәжбүрлеп алып қою арқылы Қоғамдардың салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегін өтеу есебіне орналастырсын;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Қоғамдар акцияларын ұстаушылардың тізілімінде иелігіндегі жарияланған шектеулі акцияларға мемлекеттік меншік құқығын тіркеуін қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қоғамдардың алынған акцияларын "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға берсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ААҚ (келісім бойынша) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі